

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ АЯСЫНДАҒЫ БІРТҰТАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕЛЕШЕГІ

¹Н.Ы. Айтымбетов, ²К.Ә. Әбдір, ³Ш.К. Тухмарова

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазақстандық қоғамның қоғамдық санасын жаңғырту аясында стратегиялық жоспарлау, этносаралық қарым-қатынас саласында мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру үрдісі ретінде қазақстандық азаматтық ұлтты қалыптастыру келешегі қарастырылады. Ұлттық қалыптасудың тарихи тәжірибесі көрсеткендей рухани жаңғыру халықтың ұлттық санасының өзгерісіне белсенді түрде ықпал етеді. Осыған байланысты авторлар қоғамдық сананы жаңғыртуды зерттеу барысында ұлттық бірегейлік, ұлттық тарих, қоғамдық келісім мем татулық сияқты аспектілерді жаңғыру үрдісінің өзара байланысты қажетті негізі ретінде қарастырады. Ол үшін барлық этностар мен конфессия өкілдері үшін топтастыра алатын азаматтық ұлт ұстанымына негізделген ұлттық бірегейлікті қалыптастыру қажет. Жалпыхалықтық топтасу идеясы қазақстандық ұлтты қалыптастырудың азаматтық белгілеріне негізделуі қажет екендігі көрсетіледі. Осыған байланысты мақалада қойылған басты міндеттердің бірі қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруының негізі саналатын біртұтас ұлтты қалыптастыру үрдісінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын зерттеу болып табылады.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, біртұтас ұлт, ұлттық бірегейлік, Мәңгілік ел идеясы, қоғамдық сана, келісім мен татулық, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынас саласындағы мемлекеттік саясат

¹ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

² М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Автор-корреспондент:
К.Ә. Әбдір, abdir.g@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Айтымбетов Н.Ы.,
Әбдір К.Ә.,
Тухмарова Ш.К. Қоғамдық сананы жаңғырту аясындағы біртұтас қазақстандық ұлтты қалыптастыру келешегі//
Адам әлемі. – 2021. – №2 (88). – Б. 90-100.

Бұл зерттеу ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыру аясында әзірленді (Грант АР09057996 «Қазақстандық жастардың саяси мәдениетіне цифровизацияның ықпалы»)

Перспектива формирования единой казахстанской нации в контексте модернизации общественного сознания

Аннотация. В статье рассматривается перспектива формирования казахстанской гражданской нации как следствие процесса осуществления государственных программ в сфере межэтнических отношений, стратегического планирования этих процессов в контексте модернизация общественного сознания казахстанского общества. Как показывает исторический опыт формирования наций, духовная модернизация активно воздействует на процессы изменения национального сознания народов. В этой связи, авторы рассматривают

такие аспекты формирования национальной идентичности как национальная история, идея общественного согласия и мира в качестве взаимосвязанных необходимых основ модернизационных процессов. Соответственно, на этой основе необходимо сформировать национальную идентичность, основанную на принципе гражданской принадлежности, которая должна быть консолидирующим моментом для представителей всех этносов и конфессий. Поэтому главным с точки зрения задач, поставленных в статье, является изучение основных направлений государственной политики в сфере формирования единой нации, которая предполагается одним из следствий духовного возрождения казахстанского общества.

Ключевые слова: духовное возрождение, единая нация, национальная идентичность, идея «Мәңгілік ел», общественное сознание, общественное согласие и мир, государственная политика в сфере межэтнических и межконфессиональных отношений.

The Prospect of Forming a Unified Kazakh Nation in the Context of the Modernization of Public Consciousness

Abstract. The article examines the prospect of the formation of the Kazakhstani civil nation as a consequence of the process of implementing state programs in the field of interethnic relations, strategic planning of these processes in the context of the modernization of the public consciousness of Kazakhstani society. As the historical experience of the formation of nations shows, spiritual modernization actively influences the processes of changing the national consciousness of peoples. In this regard, the authors consider such aspects of the formation of national identity as national history, the idea of social harmony and peace as interrelated necessary foundations of modernization processes. Accordingly, on this basis it is necessary to form a national identity based on the principle of citizenship, which should be a consolidating moment for representatives of all ethnic groups and confessions. Therefore, the main thing from the point of view of the tasks set in the article is the study of the main directions of state policy in the field of the formation of a single nation, which is assumed to be one of the consequences of the spiritual revival of Kazakhstani society.

Key words: Spiritual Revival, United Nation, National Identity, The Idea of «Mangilik El», Public Consciousness, Public Harmony and Peace, State Policy in the Field of Interethnic And Interfaith Relations.

Кіріспе

Қоғам өзгерісінің негізгі қозғаушы күші саяси зиялы қауым өкілдері болып саналады және олар қоғамдық сананың жаңғыруына ерекше үлес қосатыны белгілі. Ашық қоғам саналатын азаматтық ұлт қалыптасқан елдерде мемлекетпен қатар қоғамдағы зиялы қауым өкілдері қоғамдық санаға терең ықпал етіп оның өзгерісін туындатады. Оған тарихта саяси ұлттардың қалыптасуында этностық негізде қалыптасқан еуропалық мемлекеттің үлгілері мысал бола алады. Атап айтқанда, Ұлы француз революциясы нәтижесінде басым бөлігін француздар құраған француз ұлтының қалыптасуын айтуымызға болады. Ал қазіргі таңда азаматтық құқық және теңдік негізінде

азаматтық ұлтты қалыптастырып, азаматтық ұстанымдарға сүйенген мемлекетті табысты құрған Америка Құрама штаттары айқын үлгі бола алады. АҚШ сияқты эмигранттық елдерде азаматтық ұлт моделі мен балқыту қазаны тәсілі бүкіл әлемге кең танымал.

Жалпы қоғам дамуының кез-келген сатысында мемлекеттік саяси бағыт-бағдарлар бұқара халықтың қолдауы мен қарсылығына тап болуы табиғи заңдылық. Алайда мемлекеттік пайда болуы мен дамуына қатысты сұрақтар ұлттық құрылыс пен ұлттық мәдени бірегейлік мәселесімен тығыз байланысты екенін естен шығаруға болмайды. Осы жөнінде атақты американдық саясаттанушы Френсис Фукуяма өзінің танымал «Тарихтың ақыры және соңғы адам» атты еңбегінде

либералды демократия батыс елдері үшін мемлекеттік құрылымның соңғы формасы, қоғамдық дамудың ақырғы фазасы ретінде көрсетеді. Сонымен бірге бірегейлік мәселесін де терең қарастырады, әсіресе, нәсілдік, діни, азаматтық, этностық, ұжымдық, топтық және т.б. түрлерін жан-жақты талдап зерттейді. Автордың ойынша ұлттық бірегейліктің жалпыға ортақ азаматтық түрі ақ нәсілді американдықтарға кері әсер еткендігін айтады. Сондықтан олар бірегейліктің басқа да топтарына өздеріне қарсы қойып, олардан өздерінің мүдделерін талап ете бастағанын айтады [1].

Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бастап ұлттық бірегейлік пен бірлікті қалыптастыруда, ең алдымен, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға баса мән берді. Оның маңызды себебі ел ішінде ұлтаралық татулық пен келісімді орнату мен оны дамыту тұрғындардың өмір сүру деңгейінің көрсеткішімен тығыз байланысты. Осы бағытта мемлекет тарапынан атқарылған іс-шаралар қазақстандық қоғамның тұрақтылығы мен дамуының айқын кепілі болып табылатыны сөзсіз. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылып, жергілікті жерлердегі этносаралық наразылықтар мен қақтығыстарға жол бермеу мақсатында алдын ала насихат жұмыстары мен түрлі шаралар қолға алынды. Қазақстандықтардың материалдық және әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін көптеген мемлекеттік реформалар мен стратегиялар іске асырылды. Осы орайда, зерттеліп отырған тақырып айтарлықтай өз алдына өзекті және жаңашыл болып саналады. Сонымен бірге, мақалада қазақстандықтардың қоғамдық санасының жаңғыруы мен біртұтас ұттың қалыптасуы мемлекеттік саясаттың табысты іске асуы шеңберінде қарастырылады.

Әдіснамасы

Мақалада әртүрлі ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Атап айтқанда, салыстырмалы, тарихи және

жүйелік талдау әдістерді, сонымен қатар, примордиализм, конструктивизм және инструментализм тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

Негізгі бөлім

Қазақстандық ұлттық бірегейлік пен бірлікті ңығайтуға арналған, сондай-ақ, қазіргі қазақстандық қоғамның идеологиясы ретінде қабылданған Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» жалпыхалықтық патриоттық идеясын 2016 жылы 26 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында ұсынды. Бұл туралы Елбасы өзі: «Мен қоғамда Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» – деп атап айтады [2].

Президенттің «Мәңгілік Ел» қазіргі қазақстандық қоғамның күрделі де өзекті мәселесін көтеріп отырғаны ақиқат. Қазақстан өзінің тәуелсіз мемлекет ретінде дамуының жиырма жылдық тарихында посткеңестік кеңістікте бейбітшілік пен тәзімділіктің, өзара түсіністіктің кеңістігі ретінде танылып, ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Қазіргі таңда ұлттық мәселелер төңірегінде шиеленісті және қауіп-қатерге толы жағдай қалыптасқан уақытта, еліміз өзінің салиқалы саясатының нәтижесінде өзінің полиэтносты қоғамдық ерекшеліктеріне қарамастан ұлтаралық келісім мен этносаралық үйлесімділікті сақтай отырып, мемлекеттік және ұлттық құрылысты дамытуда қазақстандық

қоғамның ұлттық бірегейлігін анықтауды тиімді жүзеге асыруда жоғарыда аты аталған мемлекеттік деңгейдегі құжаттар қоғамға тың серпіліс береді.

Осы орайда, азаматтардың өздерінің ұлттық бірегейлігін анықтауда қазақстандық қоғамда тарихи тәжірибе арқылы қалыптасқан көзқарастар, бағыт-бағдарлар мен құндылықтар жиынтығы Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасуының бір қырын ашып береді. Оған қазіргі таңда қазақстандық қоғамда ұлттық бірегейліктің анықталуына байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында туындап отырған қызу пікірталастардың өзара таласы дәлел бола алады. Сонымен қатар ұлттың өткен тарихы мен даму кезеңдеріне арналған соңғы жылдары жарық көрген іргелі ғылыми еңбектер мен басылымдар ғылыми және көпшілік қауымның көтеріліп отырған мәселелерге үлкен қызығушылық танытып отырғанын көрсетеді. Бірақ осы өткір мәселелерге терең үңілсек әлі де көптеген мәселелердің мәні мен ғылыми танымдық ауқымының толық анықталмағанын байқатады.

Сонымен Елбасы жалпыхалықтың келісімнің ерекше қазақстандық моделі ретінде «Мәңгілік Ел» идеясын алға жылжыта отырып, болашақтағы қазақстандық ұлттық дамуының бет-бейнесін анықтап берді. Бұл өз кезегінде қарапайым халық тарапынан жылы қабылдауға ие болып, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті, келісімді нығайтуға бағытталған құндылықтар жүйесі ретінде қабылданды. Мәңгілік ел идеясын жүзеге асырудың келесі негізгі қадамдары мемлекет басшылығымен «Ұлт жоспары - 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» пен «Мәңгілік Ел» идеясының патриоттық актісін әзірлеу мен оның іске асырудың нақты қадамдары дайындалды. Қазіргі таңда Елбасының анықтап берген ел өмірі үшін стратегиялық мәні бар құжаттарды мемлекет пен қоғам болып бірігіп іске асыру алда тұрған басты мәселе.

Осы орайда біздің тақырыптың негізгі өзегіне айналып отырған

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан – 2050 Стратегиясын жүзеге асыруда «Ұлт жоспары - 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты алдағы уақытта жүзеге асырылуға тиісті бес институционалдық реформалардың бірі ретінде азаматтық қоғамның бүтіндігін сақтау үшін қазақстандық бірегейлікті нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударылды [3]. Осы орайда, аталмыш жұмыстың еліміздегі ұлттық мәселелерді жете түсінуде, ұлттық бірегейліктің анықталуында, саяси мәдениеттің даму динамикасын болжауда және белгілі бір концепцияларды ұсынуда мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысын атап өткен маңызды.

Бұл мәселелер Қазақстанның саяси жүйесінің нығаюы барысында қазақстандық қоғамда ұлттық мәселелердің туындауының негізін өткен кеңестік кезеңмен тарихи тұрғыда салыстыру арқылы терең түсінуге болады. Қазақстандағы саяси жүйенің заман талабына сай өзгерісі нәтижесінде ұлттық бірегейліктің қалыптасуында президент институтының рөлі мен орны ерекше екенін атап өткен жөн. Оның басты себебі осы уақыттар аралығында кеңестік жүйеден толықтай бас тарту және көпэтносты қазақстандық қоғамның ұлттық бірегейлігін қалыптастыру, кеңестік сананы құрайтын рәміздерді қазақтың төл мәдениетімен ауыстыру кез-келген мемлекет басшысы үшін табандылық пен қажыр-қайратты қажет ететіні белгілі. Онымен бірге мемлекеттің сыртқы географиялық орналасу жағдайы мен халықтың құрамы көп жағдайда ұлттық саясатты еркін жүргізуге мүмкіндік бере бермейтіні түсінікті.

Қазақстан ұлттық бірегейлігін қалыптастыру барысында ұлттық және тарихи сананы қалпына келтіру мәселесі назардан тыс қалмады. Осы мәселе төңірегінде біздің мемлекет посткеңестік елдердің тәжірибесі есепке ала отырып, тарихтың ұлттық сананы жаңғыртудағы қызметін қоғамның саяси мәдениеті мен ұлттық бірегейлігінің қалыптасуының

айқын көрінісі ретінде дамытып келеді. Оның ішінде қазақстандық қоғамның ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы шеңберінде кейбір тарихи тұлғалардың төңірегінде қалыптасқан түрлі көзқарастар мен пікірталастар бұқаралық ақпарат құралдарында жиі көрініс береді. Бұл әлі де болса қоғам ішінде бұрынғы кеңестік көзқарастың жаңа көзқараспен өзара қарама-қарсылығы тұрғысында жағасын тауып отырғандығын байқатады.

Қазақстандық қоғамдағы жаңадан ұлтты біртұтастандыратын идеяны әзірлеуге деген сұраныс пен қажеттілік туралы мәселенің көтеріліп келе жатқанына біраз уақыттың жүзі болды. Тоқсаныншы жылдары кеңестік коммунистік идеологияның күйреуі қазақстандық қоғамда идеологиялық вакуумды туындатты. Осы тұста түрлі діни ағымдағы идеологиялық бағыттар пайда болуының нәтижесінде біздің қоғамда теріс ағымдағы діни көзқарастардың белең алуына да септігін тигізді. Бүгінгі күні қазақстандық қоғам бірнеше әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен реформаларды бастан өткерді. Азаматтардың діни сауаттылығының артуы мен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруы қоғамға басқаша жаңаша идеяның қажеттілігіне алып келді. Сондықтан Мәңгілік Ел идеясының дүниеге келуі қазақстандық қоғамның қазіргі даму сатысын нұсқайтын идея тұрғысында насихатталуда.

Осы орайда «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және «Мәңгілік ел» идеясы шеңберінде Елбасының қоғам мен мемлекеттік органдар алдында қойған талаптары бойынша маңызы осында екенін атап өтуге болады. Сонымен бірге басқа идеялық мәні бар тұжырымдар мен стратегиялар, мемлекеттіктің ұлттық саясат бағдарламалары, ұлттық және мемлекеттік құрылысты қалыптастыру бағыты, соның ішінде елде азаматтық қоғамды құру тұрғысынан қарастырғанда жаңа үдерісін орнықтыруға ғылыми алғышарт болатыны анық.

2015 жылы 28 желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Президентінің № 147 Жарлығымен «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамыту» тұжырымдамасы бекітілді. Бұл құжатты қабылдаудағы мақсат елде біртұтас ұлтты қалыптастыру саясатын одан әрі жетілдіре түсу еді. Дегенмен тұжырымдамада алға қойылған негізгі міндеттер «Мәңгілік Ел» жалпыхалықтық патриоттық идеясының құндылықтары мен азаматтық ұстанымдарына негізделді, олар:

1) «Мәңгілік Ел» жалпыхалықтық патриоттық идеясы құндылықтары негізінде жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық ұстанымдары арқылы қазақстандық бірегейлік пен бірлікті дамыту мен күшейту бойынша азаматтық қоғам институттары мен барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың жұмысының бірегей жүйесін құру;

2) жаңа қазақстандық патриотизм, қазақстандық бірегейлік пен бірлік ұстанымдары арқылы тәрбиеленген, елдің дамуының стратегиялық мақсаттары төңірегінде шоғырланған «Мәңгілік Ел» жас ұрпағын қалыптастыру;

3) отбасы, достық, бірлік, сонымен қатар еңбекқорлық, адалдық, білімділік пен алғырлық, үштілділік сияқты құндылықтарға негізделген еңбек және кәсіби шеберлер қоғамын қалыптастыру;

4) халықтың рухани-мәдени мұрасы мен тарихи санасын нығайтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың іске асыруы;

5) бірыңғай болашақ ұлтын қалыптастыру мен тұжырымдаманың іс-шараларын жүзеге асыру бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқару органдарының қызметін есепке алу мен бақылау, мониторинг тетіктерін іске асыру қажет деп табылған [4].

Осы тұжырымда көтеріліп отырған ұлттық бірегейліктің қалыптасу тақырыбы біздің қоғам үшін өзектілігі айқын екенін көруімізге болады. Бұл тақырыпты зерттеуде негізінен қазіргі

уақыттағы ғылымдағы белгілі батыстық әдіснамалық тәсілдерді басшылыққа алған жөн, атап айтқанда этнонимализм, конструктивизм, примордиализм тәсілдері кез-келген ұлттық тақырыптағы мәселелерді терең түсінуде кең қолданылады. Әсіресе, жаңа қазақстандық қоғамның саяси мәдениеті мен ұлттық бірегейлігінің қалыптасуын ғылыми тұрғыда арақатынасын батыстық концепциялар арқылы салыстырмалы талдау арқылы ғана жүйелеуге болады. Одан елдегі саяси жүйенің тарихи эволюциясы қоғамның саяси санасының жаңғыруы мен қалыптасуына ерекше ықпал еткендігін қазіргі уақытта көріп отырмыз. Қазақстандағы қоғамдық сананың жаңғыруы жаһандану үрдісінен туындайтын қауіп-қатерлерге төтеп беру мен қазақстандықтардың рухани құндылықтарын қайта түгендеуге арналған.

Қазақстанда мемлекеттік құрылыстың қалыптасуы аясындағы азаматтардың өздерінің ұлттық бірегейлігін анықтау мәселесіне көзқарас жағымды жағынан өзгеруде. Қазақстандық қоғамдағы ұлттық бірегейлік мәселесі қазіргі қоғамның жаңа саяси мәдениетінің бөлігі ретінде қарастырылып, оның қалыптасуында қазақстандықтардың санасындағы өткен тарихтың үлес салмағы да қатар анықталуы керек. Сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған саясаты елдегі саяси тұрақтылық пен келісімді дамытуға тікелей әсер етуші фактор ретінде санауға болады. Қазіргі таңда ұлттық бірлік пен бірегейлікті дамытуды зерттеуге арналған ғылыми жұмыстар қазақстандық қоғам үшін өте өзекті және тәжірибелік тұрғыда құнды болып табылады.

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық даму нәтижесінде қазақстандық қоғамның жаңа саяси санасының қалыптасуы мен ұлттық бірегейлігінің нақты анықталуы тарихи аспект негізінде сеніммен айта аламыз. Кеңестік саяси мәдениеттің элементтері саналатын мұралардың біртіндеп

жойылуы қазақстандық қоғамда жаңа еркін сананың қалыптасуы мен оның уақыт талабына сәйкес жаңғыруына жол тартты. Соның негізінде Қазақстан мемлекеттік және ұлттық құрылысты қалыптастыруда экономиканы саясаттан жоғары қойып келеді.

Қазақстан тәуелсіздік жылдары тарихи мұраларын жинап, тарихта жазылмай қалған беттерін қайта жазуға мүмкіндік алды. Қазақстан тарихының этномәдени символдық мәнінің артуы қоғамдық сананы дамытуда анық байқалады. Посткеңестік елдерде ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда тарихтың қайта жандану үрдісіне қазақстандық қоғам жағдайымен салыстыру арқылы көз жеткізуге болады. Еліміз азаматтарының тарихи санасының дамуындағы тарихи тұлғалардың орны мен рөлі ұлттық бірегейліктің қалыптасуының көрсеткіші ретінде анықталады. Елімізде жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар, фокус-топ әдістерін қолдану арқылы қазақстандық қоғамдағы туындап отырған заманауи идеологиялық тұжырымдамаларды зерттеуге болады. Оның нәтижесі мен халықтың жалпы қарым-қатынасын сараптау негізінде ұлттық бірегейліктің қалыптасуын жан-жақты қырынан ашып көре аламыз. Сонымен бірге осы мәселе төңірегінде атқарылған ғылыми-теориялық жұмыстар мен олардың мәнділігі ретінде аталмыш салалардағы шетелдік және отандық ғылыми түсініктердің ерекшеліктерін ажыратып көрсетуге мүмкіндік туды.

Тақырып шеңберінде қарастырылған мәселелер мақала тақырыбын жан-жақты ашып көрсетуге бағытталғандығынан айқын көрінеді. Осы тақырып басырында жүргізілген зерттеулер жалпыланған және жүйеленген материалдар және соның негізінде жасалған тұжырымдар мемлекеттің ұлттық саясатына қатысты мәселелердің теориялық негіздерін кеңейтуге, жаһандық және ішкі үдерістерді ескеретін ұлттық саясаттың концепциясын даярлау мен жүзеге асыруға айтарлықтай үлесін қоса алады. Сондай-ақ саясаттану, дінтану,

әлеуметтану мамандықтары бойынша арнайы курстар даярлауға негіз бола алады.

Жалпы алғанда қазіргі қазақстандық ғалымдар ағылшын және орыс тілдеріндегі әдебиеттерге талдау жасай отырып және зерттеу мәселесі бойынша әртүрлі бағыттар мен парадигмаларды көрсете алады. Әлемдік әдебиеттерге ғылыми-сараптамалық шолу бөлімінде, зерттеу мәселелері бойынша әр жақты және әр деңгейлі зерттеулерге теориялық талқылау жасалған және жүргізілген зерттеулерге жоғары деңгейде ғылыми-теориялық негіздеме береді. Ұлттық бірегейлік тақырыбының негізділігі және дәлелділігі әдіснамалық және теориялық бағыттармен анықтауға болады. Осы салада болып жатқан өзгерістер толық деңгейде саясаттанулық тұрғыдан зерттеуді қажет ететінін айту керек. Қазіргі кезде ұлттық бірегейлік мәселесінің философиялық және саясаттанулық зерттеулері бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бір жүйемен құралған пәнаралық тақырып саналады. Сондықтан оларды салыстыра отырып әр бөлімнің ғылыми нәтижелерін ішкі бірлікте баяндап, нақты тұжырымдармен дәйектеуге әбден болады.

Ұлттық бірегейлік мәселесінің теориялық-әдіснамалық қыры саяси мәдениет пен ұлттық бірегейлікті өзара бір-бірімен байланыстыра отырып тұжырымдамалық әдістер арқылы өзара бір-бірімен ұштасады, оның мәнін, құрылымын, пайда болу себептері мен сипаттамаларын, негізгі үрдістерін талдауға мүмкін зор. Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуының ерекшеліктері мен кезеңдеріне жан-жақты сараптама жасауға талпыныс әрекеттері өте маңызды. Сонымен қатар посткеңестік елдердегі саяси жүйенің қалыптасуындағы қоғамдағы ұлттық бірегейлік мәселесінің пайда болуы мен даму үрдістерінің ерекшеліктерін бір-бірімен байланыстыра қарастыру керек.

Қазақстанда ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы тәжірибелік тұрғыда қоғамда тарихты ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы этносимволдық

жиынтық ретінде алып, оның қазіргі уақытта национализм идеологиясымен байланыстыра отырып әрекет етуіне талдау жасауға болады. Атап айтқанда, Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихына ерекше тоқталып, сол кезеңдегі тарихи оқиғаларға, тарихи тұлғаларға байланысты қазіргі қазақстандық қоғамдағы туындап отырған пікірталастарға ерекше мән беру қажет. Сонымен бірге Қазақстанның саяси және идеологиялық кеңістігіндегі саяси жүйе мен ұлттық бірегейліктің қалыптасу мәселесі әлеуметтік сауалнамалар көмегімен нақты тұжырымдарға қол жеткізуге болады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен соңғы жылдары қоғамда пайда болып жатқан ұлттық идеяның негізін құрайтын идеологиялық тұжырымдар зерделенеді. Қазақстан Республикасының ұлтаралық және этносаралық келісім мен татулықты дамытудың тиімді тетіктерін реттейтін нормативтік-құқық актілерді ғылыми талдау арқылы қарастырған жөн. Осыған байланысты біздің ойымызша ұлттық бірегейлік мәселесін ғылыми түрде жаңаша көзқараспен қарастырған пайдалы.

Қазақстандағы кеңестік саяси мәдениеттің өзгеру үрдістеріне кеңірек тоқталу керек. Кеңестік және қазіргі Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасуындағы байланыстарға назар аударып, олардың ерекшеліктеріне жүйелі талдау жасау қажет. Еліміздің азаматтарының ұлттық және тарихи санасының қалыптасуын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнаманы тек ұлттық ерекшеліктері бойынша емес, сондай-ақ, жас мөлшері бойынша да нәтижелерімен толықтырғанда саяси мәдениеттің даму ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туындайды.

Жаһандану заманында бірегейліктер дағдарысының күшеюі осы мәселеге басқаша көзқараспен қарауға шақырады. Қазақстан сияқты көпэтносты елде болашақ біртұтас ұлтты қалыптастыруда идеялық бағыт-бағдарлар мен идеологиялық қызметті жоғарыда аты

аталған мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялар атқарады. Сонымен бірге қазақстандық қоғамның әрбір мүшесі мен ұлт зиялыларының бұл мәселеде жұмыла атсалысуы қажет. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі мен әрбір қазақстандық азаматтың кәсіби шеберлігі, жоғарғы білімі, ел игілігі үшін еткен еңбегі, төзімділігі мен салауатты денсаулығы үлкен рөл атқарады.

Қазақстан өзіне тән ерекше ұлттық және мемлекеттік құрылысты қалыптастырып, экономикалық дамудың жаңа деңгейіне қадам басты. Алдағы болашақта еліміздің одан ары дамып, өркендеп қанатын кеңге жаюы үшін ең басты тыныштық пен татулық ауадай қажет. Ол үшін елімізде өмір сүретін түрлі ұлт өкілдерінің басын бір шаңырақтың астына біріктіретін жалпықазақстандық бірегейлік. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалық құжаттар мен стратегияларда қойылған міндеттерді бұлжытпай орындау кезек күттірмейтін мәселе. Болашақта біртұтас қазақстандық ұлтты қалыптастыруға алғышарттар ретінде азаматтық ұстанымдарға негізделген жалпы қазақстандық бірегейлік, жалпыхалықтың мәні бар құндылықтар мен заңның әділдігі, этносаралық және конфессияаралық келісім, үштұғырлы тілді дамыту және тағы басқаларды атауға болады. Қазақстандық бірегейлік пен бірлік елде мәдени, этностық, тілдік және діни әралуандылыққа арқа сүйеуі қажет.

Әрбір азамат елдің болашағына сеніп артып және оның дамуы үшін аянбай қызмет етуі маңызды. Сонымен бірге мемлекет пен қоғамдық институттардың қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайта түсуге аянбай еңбек етуі қажет. Олардың ұлттық бірегейлік пен бірлікті жетілдіру саласында белсенді және тиімді қызметі өз кезегінде дұрыс шешімдер қабылдай білуі мен этносаралық салада жағдайды жақсартуға мүмкіндік жасауына түрткі бола алады. Отан сүю сезімін әрбір азаматтық бойында тәрбиелеу халық

игілігі үшін аянбай қызмет жасауда зор қызмет атқаратындығын атап айту керек. Ол үшін жас ұрпақты бала кезінен өз елінің тарихына құрметпен қарауға үйретуден басталатыны белгілі жағдай. Ұлттың тарихы кез келген азаматты өзінің ұлттық бірегейлігіне басқаша көзқараспен қарау керектігін айқын нұсқайды.

Қазақстанда азаматтық бірегейліктің қалыптасуы елде азаматтық қоғамның біртұтастығын қамтамасыз етеді. Біздің қоғамда азаматтық тұтастықты қалыптастыру міндеттерін орындауда көптеген факторлардың өмір сүруіне байланысты өте күрделі екендігі белгілі. Алайда, біртұтастықты қалыптастыру бойынша керісінше жағымды факторлардың жоқ емес екендігін де естен шығармау қажет. Атап айтқанда, бізде елде қазақтармен қатар тату тәтті ұзақ уақыттар бойында ғұмыр кешіп келе жатқан басқа этнос өкілдерінің ортақ тарихының болуын айтпасқа болмас. Оның ішінде тарихта бірге жеткен жеңістер мен жеңілістер, тарихтың қуанышты беттері мен қайғылы оқиғалары өзара бірлік пен жұмылдырылу сезімін күшейте түседі. Соңғы уақыттарда тарихты кейбір қауымның немесе халықтың жеке көшбасшылары өздерінің алға қойған жеке мақсаттарына жету үшін пайдаланып келеді. Олар кішігірім өздерінің этностық тарихын әлемдік тарихтан бөліп алып тарихта көп зорлық-зомбылық көрген немесе керісінше ерекше батыр ұрпақтың балаларымыз деп тарихи сананы жаңғырту үшін де қолданылып жүр.

Қазіргі қазақстандық қоғамда тарихтың саяси-идеологиялық күрестің ортасына айналуының негізі ұлттық сана мен бірегейлікті қалыптастырудың қажеттілігінде жатыр. Сондықтан қазіргі таңда ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда белсенді түрде ұлттық элиталар тарихтың әр кезеңіндегі көрнекті тұлғаларды өз мақсаттарына пайдаланады. Сонымен бірге, ұлттық рух пен ұлттық сана-сезім бастау бұлағы болып табылатын Қазақстан тарихында

әлі де болса да сыры толық ашылмаған түйткілді мәселелер жеткілікті. Оны қоғамдағы қазақ зиялыларының жиі тарихтағы кейбір жайттарды сынға алуынан байқауға болады [5, б. 137].

Қазақстанда ұлттық құрылысты дамытудың қазіргі кезеңінде азаматтардың тарихи және қоғамдық санасын қайта жаңғыртуды қолға алды. Осы орайда жақында ғана Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарық көрді. Аталмыш мақалада рухани жаңғыру саяси және экономикалық реформаларды іске асырумен қолға алуымен басталатындығы нақты айтылған. Мақалада жаңғыруды кең мағынада қарастырып, оны іске асырудың қыр-сыры толық баяндалған. Қазақстан тарихын қайта түлету және тарихи сананы ояту мен дамыту басты алғышаттардың бірі тұрғысында көрсетілген. Сонымен бірге келешек ұрпақтың болашаққа зор сеніммен бет алуы үшін бірнеше маңызды бағыттар көрсетілген. Соның бірі ретінде біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбы ұлттық бірегейлік мәселесі көтерілген. Елімізде ұлттық сана мен ұлттық кодты сақтай отырып ұлттық бірегейлігімізді қалыптастыру мына мәселелермен тығыз қанасып жатқандығы айтылады:

«Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды».

Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» – делінген [6].

Жалпы Д. Растоу саяси жаңғырудың үш негізгі моделін бөліп көрсете отырып, оны барлық кездерде ғылыми қауымдастыққа ұсынып келген, олар: 1) ұлттық бірлік; 2) тұрақты билік; 3) теңдік. Осы мақсаттардың ішінен ол ең қолайлысы ретінде тұрақты билікті, содан кейін – ұлттық бірлікті, ең соңынан – теңдікті санаған [7, б. 12]. Шындығында елде экономикалық дамуды және халықтың санасын жаңа деңгейге

шығаратын жаңғыртуды жүзеге асыруда осы жоғарыда аты аталған маңызды бөліктерсіз ешқандай нәтижеге қолжеткізге алмайтындығымыз белгілі. Өйткені кез-келген мемлекеттің жарқын болашағы оның ұлттық бірлігінде, тұрақты биліктің қызметі мен сол мемлекетте өмір сүретін адамдардың құқының, әлеуметтік-экономикалық және материалдық жағдайының тепе-теңдігі орын алған жерде болмақ.

Қоғамдық сананың жаңғыруы әлемнің барлық алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттері бастан өткерген немесе өткеріп жатқан жаһандық үрдіс. Осы үрдістің бір бөлшегі болып Қазақстан посткеңестік елдердің ішінде бірінші көтеріп отыр. Бірақ қоғамдық сананы жаңғыртуға шын мәнінде іс жүзінде қол жеткізу нәтижесін тек сарапшы уақыт ғана көрсетеді. Көпшілік санасының жаңғыруы тек ауызша күйде жалпылама өтіп кетуі қоғам үшін ешқандай пайда әкелмейтіні айдан анық. Оны тек нақты істермен ғана мемлекет, қоғам және азамат болып жұмылып атқанғанда ғана алға жылжитын үрдіс екені әрбір елдің тұрғыны білуі тиісті. Жаңғыруда басты шарттар адам капиталының шынайы деңгейімен астасып жатыр. Сондықтан ең маңызды стратегиялық басымдықтар тұрғысында адам капиталының артуы білім сапасымен тығыз байланысты.

Елде тұрақтылық пен бірліктің маңызды шарты болып табылатын әлеуметтік-экономикалық өсімге қол жеткізу адам капиталы мен адам сапалылығымен анықталады. Сондықтан баршамызға ортақ отанымыз Қазақстанның болашақтағы ұлттың бірлігі мен татулығы бүгіннен басталады. Ұлтаралық алауыздық пен қақтығысқа жол бермеу елдің бейбіт дамуының ең басты кепілі болып табылады. Ал оны іске асыру жоғарыда айтылған мемлекеттік деңгейі бар көптеген стратегиялар мен бағдарламаларда алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді табысты орындауда жатыр. Тек сонда ғана қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігі саналатын азаматтық бірегейлік пен ортақ түсіністікке жол бастайды. Ол

әрбір азаматтың туған жерін қастерлеуі мен оны ерекше құрметтеуі болған жерде ғана іс жүзіне аспақ.

Сондықтан бұл тақырып алдағы уақытта өзінің маңызын ешқашан жоғалтпайды. Қазақстан көпэтносты қоғамын қалыптастыру барысында мемлекеттік билік және жергілікті атқару органдары этносаралық салада жағдайды жақсартуға деген ұмтылысы ғылыми қауымдастықтың мәселені терең талдауы мен олардың ұсыныстарына әрқашан сұраныстар туындап отыратыны жасын емес. Сондықтан елде тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму мен этносаралық қарым-қатынас саласындағы тұрақтылық өзара әрқашан байланысты өрбіп отыратынын естен шығармау қажет. Осы мемлекеттің ел ішінде үйлесімді саясат жүргізуі мен әлемдік қағидаларды берік ұстануы әрқашан бұлжытпай ұстануы қажет.

Қорытынды

Қазақстандық қоғамда жүріп жатқан жағымды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер дамудың тиімді жолын таңдауға, өзінің көпшілік мүшелері арасындағы мүдделердің бір арнаға тоғысуына және топтасуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік үрдістердің орын алуына көп жағдайда адамдардың өздері тікелей қатысып отырады. Әлеуметтік-экономикалық үрдістер қоғам өмірінің маңызды бір саласы болып табылады. Бұл үрдіс өз кезегінде қоғам мүшелері саналатын түрлі этностар мен басқа да әртүрлі топ өкілдерінің өзара интеграциялануына жағымды әсерін тигізеді. Қоғамда жүріп жататын жағымды әлеуметтік өзгерістер дамудың тиімді жолын таңдауға, өзінің көпшілік мүшелері арасындағы мүдделердің бір арнаға тоғысуына және топтасуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік үрдістердің орын алуына көп жағдайда адамдардың өздері тікелей қатысып отырады. Оның болашақта әлеуметтік және материалдық жағдайының басқа арнаға ауысуы осы уақытта өтіп жатқан түрлі өзгерістердің нәтижесі болып

табылады. Сондықтан егер мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы іс жүзінде іске асса, ол міндетті қоғамдағы этносаралық топтасуға итермелейді.

Сонымен қатар қазақстандық бірегейлік пен бірліктің негізі мәдени, тілдік және діни сан алуандылыққа сүйенетін жалпыхалықтық құндылықтар жиынтығы құрайды. Қазақстандық бірегейлік пен бірлік – Қазақстан халқының мәдени құндылықтары, олар Қазақстан жерінде өмір сүретін және болашағын осы елмен байланыстыратын адамдардың ұрпақтарынан ұрпақтарына берілетін болады. Жалпы Қазақстан тарихының кеңестік кезеңі қазақ халқының тек тарихи тағдырын ғана өзгертіп қоймай, сонымен бірге болашағына да зор таңба қалдырды. Яғни, қазіргі Қазақстанның көпұлтты мемлекет болуының себебі кеңестік тарихтың нәтижесі деп айтуға болады. Қазіргі кезде азаматтық бірегейліктің құрылуы осы жерде қазіргі қазақстандық қоғамның мүддесінен шыға отырып мемлекеттік және территориялық біртұтастықты сақтау тұрғысында топтас-тыру қажеттілігінен туындап отырған жайт.

Әдебиеттер тізімі

1. Фукуяма Ф. Конец истории и последний человек. - М.: Издательство «АСТ», 2017. – 576 с.
2. Назарбаев Н.А. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын әзірлеу мен қабылдау жұмысын жүргізуді тапсырды. <https://strategy2050.kz/news/5146/> (Дата обращения 23.05.2021)
3. Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол мақаласы. 6 қаңтар 2016 жыл» http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-ult-zhospary-kazakstandyk-armanga-bastaityn-zhol-makalasy (Қаралған күн 25.05.2021)
4. Концепция укрепления и развития казахстанской идентичности и единства. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года № 147.
5. Айтымбетов Н.И. Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері. Жеке монография. – Алматы, 2018. – 200 б.
6. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір 2017 жыл. <https://www.akorda.kz/>

kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (Қаралған күн 25.05.2021)

7. Растов Д.А. Переходы к демократии: попытка динамической модели. — Полис, 1996. – №5. – С. 5–15.

Transliteration

1. Fukujama F. Konec istorii i poslednij chelovek [The end of History and Last man]. - M.: Izdatel'stvo "AST", 2017. – 576 c. (in Eng)

2. Nazarbaev N.A. «Mangilik El» ulttyq idejasyn azirleu men habyltau zhumysyn zhurgizudi tapsyrdy [He instructed to work on the development and adoption of the national idea of "Mangilik El"]. <https://strategy2050.kz/news/5146/> (in Kaz)

3. Memleket basshysynyn «Ult zhosparı – kazakhstandyń armanga bastaityn zhol makhalasy ["The plan of the Nation is an article on the path to the Kazakhstani dream]. 6 kantar 2016

zhyl» http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-ult-zhosparı-kazakhstandyk-armanga-bastaityn-zhol-makalasy (in Kaz)

4. Konceptija ukreplenija i razvitija kazahstanskoj identichnosti i edinstva [The concept of strengthening and developing Kazakhstani identity and unity]. Utverzhdena Ukazom Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 28 dekabnja 2015 goda № 147.

5. Aitymbetov N.Y. Kazakstandagy ulttyq biregeiliktin qalyptasu erekshelikteri [Features of the formation of National identity in Kazakhstan]. Zheke monografija. – Almaty, 2018. – 200 b. (in Kaz)

6. Memleket basshysynyn «Bolashaqqa bagdar: ruhani zhangyru» atty mahalasy [Orientation to the Future: Spiritual Renewal]. 12 saur 2017 zhyl. (in Kaz)

7. Rastov D.A. Perehody k demokratii: попытка dinamicheskoy modeli [Transitions to Democracy: Trying a Dynamic Model]. – Polis, 1996. – № 5. – S. 5–15. (in Eng)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

<i>Нүркен Ысқақұлы Айтымбетов</i>	PhD, жетекші ғылыми қызметкер, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан
<i>Күлзия Әмірәліқызы Әбдір</i>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Х. Дулати атындағы өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан
<i>Шырынқұл Кішкентайқызы Тухмарова</i>	саясаттану ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан
<i>Нүркен Исакович Айтымбетов</i>	PhD, ведущий научный сотрудник, Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Алматы, Казахстан
<i>Күлзия Амиралиевна Абдир</i>	кандидат филологических наук, доцент, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
<i>Шырынқұл Кішкентаевна Тухмарова</i>	кандидат политических наук, старший преподаватель, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
<i>Nurken Aitymbetov</i>	PhD, Leading Researcher, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MES RK, Almaty, Kazakhstan
<i>Kulzya Abdır</i>	candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan
<i>Shyrynkul Tukhmarova</i>	Candidate of Political Science, Senior Lecturer, Kyzylorda State University named after Korqyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan